

## Ақпараттандыру туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы № 217 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 24.11.2015 № 418-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

### МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бұкіл мәтін бойынша «ақпараттандыру саласындағы уәкілетті ұйым», «ақпараттандыру саласындағы уәкілетті ұйымды», «Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті ұйымның», «Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті ұйым», «ақпараттандыру саласындағы уәкілетті ұйымға» деген сөздер тиісінше «мемлекеттік техникалық қызмет», «мемлекеттік техникалық қызметті», «Мемлекеттік техникалық қызметтің», «Мемлекеттік техникалық қызмет», «мемлекеттік техникалық қызметке» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң ақпараттандырудың құқықтық негіздерін белгілейді, электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді құру, пайдалану және қорғау кезінде туындаитын қоғамдық қатынастарды реттейді.

### 1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Занда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автоматтандыру – адам еңбегін жеңілдету және оның нысандарын ығыстыру, үдерістердің өнімділігі мен ашықтығын арттыру мақсатында ақпаратты өңдеу, жүйелендіру, сақтау және беру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;

1-1) ақпараттандыру – ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған ұйымдастыру, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық үдеріс;

2) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ақпараттандыру және «электрондық үкімет» саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

**3) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;**

4) ақпараттандыру саласындағы оператор – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған, мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды интеграциялау жөніндегі, ақпараттандыру саласындағы бірыңғай техникалық саясатты іске асыруға қатысу жөніндегі міндеттер, «электрондық үкіметтің» инфрақұрылымы жобалық интеграторының функциялары жүктелген заңды тұлға;

5) ақпараттық жұмыстар – электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді құру жөніндегі қызмет;

6) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып, ақпаратты сақтауға, өндеуге, іздестіруге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған ж Ү Й е ;

7) ақпараттық жүйелерді, бағдарламалық өнімдерді, бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттаманы депозитке беру (бұдан әрі – депозитке беру) – бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттаманың даналарын депозитарийге сақтауға беру;

8) ақпараттық жүйелердің аудиті – ақпараттық жүйенің ағымдағы жай-күйінің, онда болып жатқан іс-әрекеттердің және оқиғалардың белгілі бір критерийлерге, техникалық регламенттерге, стандарттарға, нормативтік-техникалық құжаттамаға және (немесе) тапсырыс берушінің талаптарына сәйкестік деңгейін белгілейтін, оларды бағалаудың жүйелі процесі;

9) ақпараттық жүйелердің, бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттаманың депозитарийі (бұдан әрі – депозитарий) – бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың даналарын оларға ілеспе нормативтік-техникалық құжаттамасымен бірге жинақтауды, сипаттауды, сақтауды және жүйелеуді қамтамасыз етуге арналған арнаулы сақтау орны ;

10) ақпараттық-коммуникациялық желі – ақпараттық жүйелер арасындағы немесе олардың құрамдастары арасындағы өзара іс-қимылды, сондай-ақ ақпараттық ресурстарды беруді қамтамасыз ететін техникалық және аппараттық-техникалық құралдардың жиынтығы;

10-1) ақпараттық-коммуникациялық желілер мониторингі жүйесі – компьютерлік оқиғаларға ден қоюды қоса алғанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қауіпсіз пайдалану мәселелері бойынша ақпараттық жүйелердің, ақпараттық-коммуникациялық желілер мен электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иелеріне, иеленушілеріне және оларды пайдаланушыларға жәрдем көрсетуге бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешені;

11) ақпараттық қызмет көрсетеу – пайдаланушыларға ақпараттық ресурстарды ұсыну жөнінде қызмет көрсетеу;

12) ақпараттық процестер – ақпаратты құру, жинау, өндеу, жинақтау, сақтау, іздеу, тарату және тұтыну процестері;

13) ақпараттық технологиялар – әдістердің, өндірістік процестердің және ақпаратты жинауды, құруды, сақтауды, жинақтауды, өндеуді, іздестіруді, шығаруды, көшірмесін түсіруді, беру мен таратуды қамтамасыз ететін технологиялық кешенге біріктірілген бағдарламалық-техникалық құралдардың жиһнитығы;

14) аппараттық-бағдарламалық кешен – ақпараттық процестерді қамтамасыз ететін бағдарламалық және техникалық құралдардың жиһнитығы;

15) ашық кілттер инфрақұрылымы – Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес тіркеу куәліктерін басқаруға бағытталған ақпараттық жүйелер, ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешені;

16) бағдарламалық өнім – ақпаратты өндеу жүйесінің компьютерлік бағдарламаларының, рәсімдерінің, әдістерінің, қағидалары мен ілеспе құжаттамасының жиһнитығы;

17) алып тасталды - ҚР 21.05.2013 № 95-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

18) домендік атау – Интернет желісіндегі адрестеу ережелеріне сәйкес қалыптастырылған, желі объектісіне атаулы жолданымға арналған және белгілі бір желілік мекенжайға сәйкес келетін нышандық (эріптік-цифрлық) белгі;

19) интерактивтік қызмет көрсетеу – өзара ақпарат алмасуды қажет ететін, пайдаланушыларға олардың сұраулары бойынша немесе тараптардың келісімі бойынша электрондық ақпараттық ресурстарды ұсыну жөнінде қызмет көрсетеу;

20) интернет-ресурс – ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде жұмыс істейтін электрондық ақпараттық ресурс, оны жүргізу және (немесе) пайдалану технологиясы, сондай-ақ ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін ұйымдық құралы;

21) интернет-ресурстың меншік иесі – интернет-ресурсты иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын толық көлемде іске асыратын субъект;

22) компьютерлік оқиға – ақпараттық жүйелердің, ақпараттық ресурстардың, ақпараттық-коммуникациялық желілердің тиісінше жұмыс істеуіне қауіп төндіретін және (немесе) олардың айналысындағы ақпаратты заңсыз алу, көшірмесін түсіру, тарату, бұрмалау, түрлендіру, жою немесе бұғаттау үшін жағдай жасайтын, олардың жұмысында жекелеген немесе сериялы түрде туындаитын олқылыштар;

23) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы жұмыстарды

үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы – «электрондық үкіметті» қалыптастыруды және мемлекеттік органдарды ақпараттандыру саласындағы жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган;

24) құжатталған ақпарат – материалдық жеткізгіште тіркелген, өзін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін деректемелері бар ақпарат;

25) құпиялы электрондық ақпараттық ресурстар – мемлекеттік құпияларды қамтымайтын электрондық ақпараттық ресурстар, оларға қол жеткізу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шектеледі немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда олардың меншік иесі не и е м д е н у ш і с і ш е к т е й д і ;

26) «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесі – мекенжайлар және олардың құрамдас бөліктері туралы мәліметтерді жасауға, жинақтау мен өндеуге және Қазақстан Республикасының мекенжай алаңын біріздендіруге арналған апараттық-бағдарламалық кешен;

27) мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасы - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, ведомствоаралық ақпараттық-коммуникациялық желіден тұратын, басқару және ұйымдастыру мақсаттарын іске асыруға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарын қоса алғанда, мемлекеттік органдардың өзара іс-әрекетіне арналған, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің өзара іс-әрекетін қамтамасыз етуге арналған телекоммуникациялар желісі;

28) мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының операторы - мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының аппараттық-бағдарламалық кешені бар және мемлекеттік органдарға, аумақтық бөлімшелер мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға байланыс қызметтің көрсететін, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаитын заңды тұлға;

28-1) мемлекеттік техникалық қызмет - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорын ;

29) пайдаланущы – өзіне қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге жүгінетін және оларды пайдаланатын субъект;

30) транзакциялық қызмет көрсету – электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, өзара ақпарат алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды ұсыну жөнінде қызмет көрсету;

31) электрондық ақпараттық ресурстар – электрондық түрде сақталатын ( ақпараттық дерекқорлар), ақпараттық жүйелердегі ақпарат;

32) электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді иемденуші –

аталған объектілерді олардың меншік иесі айқындаған шекте және тәртіппен иелену, пайдалану және оларға билік ету құқықтарын іске асыратын субъект;

33) электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді қорғау – ақпаратты алу, көшірмесін түсіру, тарату, бұрмалау, жою немесе бұғаттау жөніндегі заңсыз іс-әрекеттерді қоса алғанда, электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді сақтауға, оларға заңсыз қол жеткізуді болғызбауға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық іс - шаралар

кешени;

34) электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық жүйелердің меншік иесі – электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді иемдену, пайдалану және оларға билік ету құқықтарын толық көлемде іске асыратын сұбъект;

35) электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімі – электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер сипаттамаларының жиынтығын қамтитын жүйеленген тізбе;

36) «электрондық әкімдік» – жергілікті атқарушы органдардың функцияларын оралымды және сапалы орындауға бағытталған, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым негізінде өнірлік мемлекеттік басқару

жүйесі;

37) электрондық қызмет көрсету – ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жеке және заңды тұлғаларға ақпараттық, интерактивтік және транзакциялық қызмет көрсетуді ұсыну;

38) **алып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

39) электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер – ақпараттық технологиялар қолданыла отырып көрсетілетін мемлекеттік қызметтер;

40) **алып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

41) «электрондық үкімет» – мемлекеттік функцияларды уақтылы және сапалы орындауға бағытталған, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым негізінде мемлекеттік басқару жүйесі;

42) «электрондық үкімет» инфрақұрылымының жобалық интеграторы – «электрондық үкіметтің» ведомствоаралық ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөніндегі жобалық-ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларды жүзеге асыратын ұйым;

43) «электрондық үкіметтің» веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

44) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі – жеке және заңды тұлғалардың төлемдерін жүзеге асыру кезінде екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және «электрондық үкіметтің» ақпараттық жүйелері арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйе;

45) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзінің операторы – дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі, «электрондық үкіметтің» төлем шлюзінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға. «Электрондық үкіметтің» төлем шлюзі операторының дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) иемденушілері Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылады;

46) «электрондық үкіметтің» шлюзі – электрондық қызметтер көрсетуді іске асыру шеңберінде «электрондық үкіметтің» ақпараттық жүйелерін интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе.

**Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - ҚР 2011.07.21 N 468-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 15.04.2013 N 89-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.05.2013 № 95-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **2-бап. Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. **Алып тасталды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

4. Осы Заңның күші ақпараттың мазмұны мен таратылу тәсілдеріне қолданылмайды.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.

### **3-бап. Ақпараттандыру обьектілері мен субъектілері**

1. Электрондық ақпараттық ресурстар, ақпараттық жүйелер, ақпараттық жұмыстар мен электрондық қызметтер көрсету ақпараттандыру обьектілері болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында ақпараттандыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын немесе құқықтық қатынастарға қатысатын мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар ақпараттандыру субъектілері болып табылады.

## **2-тарау. АҚПАРАТТАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ МЕН БАҚЫЛАУ**

### **4-бап. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен принциптері**

1. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаттары Қазақстан Республикасының ақпараттық инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде "электрондық үкіметті" қалыптастыру, сондай-ақ елдің әлеуметтік және экономикалық дамуын ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады.

2. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеу:

1) азаматтардың жеке өміріне қол сұғылмаушылық және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қатаң сактау;

2) жеке және заңды тұлғалардың ақпараттандыру саласындағы қызметке қатысуға және оның нәтижелерін пайдалануға тең құқылдығы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қол жеткізу шектелген электрондық ақпараттық ресурстардан басқа мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпаратты қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарға еркін қол жеткізу және оларды берудің міндеттілігі (ашықтық презумпциясы);

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қол жеткізу шектелмеген кез келген электрондық ақпараттық ресурстарды іздеудің, өндіру мен берудің еркіндігі;

5) электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалану және ақпараттық технологияларды қолдану кезінде жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6) электрондық ақпараттық ресурстарға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында оларды жариялы таратудың не мемлекеттік органдарға берудің

міндетті сипаты белгіленіп, олардың уақтылы берілуі, объективтілігі, толықтығы мен дұрыстығы;

7) адаптацияның қамтамасыз етілуі;

8) ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен ұлттық ақпараттық жүйелерді орталықтандырылған басқарудың қамтамасыз етілуі;

9) ақпараттандыру саласының сенімділігі мен оны басқарудың Қазақстан Республикасының аумағындағы бірыңғай стандарттар негізінде қамтамасыз етілуі;

10) ақпараттық технологияларды қолдануға қойылатын талаптарды белгілеу кезінде технологиялық бейтараптылықтың сақталуы;

11) дербес деректердің жиналуды, өндөлуі оларды жинау мақсаттарымен шектеу қағидаттарына негізделген.

3. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады

**Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.05.2013 № 95-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

### **5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ақпараттандыру саласындағы құзыреті**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ақпараттандыру саласындағы құзыретіне :

1) ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын өзірлеу және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру;

2) халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету;

3) ақпараттық жұмыстардың және электрондық қызметтер көрсетудің нарығын қалыптастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

4) "электрондық үкіметті" қалыптастыру мен оның жұмыс істеу, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды және мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құру мен дамыту және олардың Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігінде өзара іс-қимыл жасау жағдайларын қамтамасыз ету;

5) мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының жүйесін дамытуға, электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдануға жағдай жасау;

6) ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік меншікті басқаруды үйымдастыру, оны пайдалану жөніндегі шараларды әзірлеу мен жүзеге асыру, электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерге мемлекеттік және жеке меншік құқығын қорғауды қамтамасыз ету;

7) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V **Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

8) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы жұмыстарды үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы ережені және оның құрамын бекіту;

9) ақпараттандыру саласындағы операторды, «электрондық үкіметтің» төлем шлюзінің операторын және мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының операторын айқындау;

10) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V **Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

11) мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру үшін мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалар міндетті түрде беретін құжатталған ақпарат пен электрондық құжаттардың тізбесін бекіту;

12) мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардың құрамына енгізілетін дербес деректердің тізбесін бекіту;

12-1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V **Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

13) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V **Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

14) мемлекеттік ақпараттық жүйелерді және мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланатын мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді олардың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасының аумағында қабылданған стандарттарға сәйкестігіне атtestаттау жүргізу тәртібін бекіту;

15) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V **Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

16) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 34-V **(алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

17) алып тасталды - ҚР 2011.07.05 N 452-IV **(2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

18) алып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V **Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

19) алып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V **Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

19-1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V **Заңымен (алғашқы ресми**

**жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

20) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.

**Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 178-IV, 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.21 N 468-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 15.04.2013 N 89-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.05.2013 № 95-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) ; 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
Заңдарымен.

#### **6-бап. Үәкілетті органның құзыреті**

**Уәкілетті органның құзыретіне:**

1) ақпараттандыру және «электрондық үкімет» саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуы тұрғысынан ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

3) ақпараттандыру саласындағы стандарттау және сәйкестікті раставу жөніндеғі жұмыстарға қатысу;

4) ақпараттандыру саласында инвестициялық жобалар әзірлеуді ұйымдастыру, ақпараттандыру саласын дамытудың және жетілдірудің негізгі бағыттары мен басымдықтарын іске асыру, оның сапасын, қолжетімділігін және жұмыс істеуінің орны қытылыш арттыру;

5) ақпараттандыру саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу және бекіту;

5-1) электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің және депозитарийдің мемлекеттік тіркелімін жүргізу қағидаларын бекіту;

5-2) ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен ұлттық ақпараттық жүйелердің тізбесін бекіту;

5-3) мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі ақпараттық жүйесінің ақпараттық жүйелермен ақпарат алмасу қағидаларын бекіту;

5-4) мемлекеттік органдар туралы электрондық ақпараттық ресурстардың

тізбесін және оларды мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында  
орналастыру тәртібін айқындау;

6) электрондық қызметтер көрсете нарығының жұмыс істеуі үшін жағдай  
жасау;

7) «электрондық үкіметті» қалыптастыру және мемлекеттік электрондық  
ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық  
желілерді дамыту, олардың Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық  
кеңістігіндегі үйлесімділігін және өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

8) алып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми  
жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі);

9) ақпараттандыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, оның  
ішінде ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен ұлттық ақпараттық  
жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді қалыптастыру және олардың  
жұмыс істеуі тәртібін, ақпараттық жүйелерге, ақпараттандыру саласындағы  
инвестициялық жобаларға аудит жүргізу тәртібін, сондай-ақ халыққа қызмет  
көрсете орталықтарының мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді  
әзірлеу және бекіту;

10) инвестициялар тарту жүйесін және ақпараттандыру саласындағы  
инвестициялық жобаларды әзірлеу мен іске асыруды ынталандыру тетіктерін  
жетілдіру;

11) ақпараттандыру саласындағы және «электрондық үкіметті» қалыптастыру  
кезінде қызметті салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

12) ақпараттандыру саласында және «электрондық үкіметті» қалыптастыру  
кезінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

13) Қазақстан Республикасының электрондық ақпараттық ресурстары мен  
ақпараттық жүйелерін тіркеу;

14) алып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми  
жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн откен соң қолданысқа енгізіледі);

15) бағдарламалық өнімдерді, бағдарламалық кодтарды, депозитарийдегі  
нормативтік-техникалық құжаттаманы сынақтан өткізу, тіркеу, беру, сақтау,  
депозитарийге берілуінің толықтығын қамтамасыз ету және оларды тіркеу, беру  
және сақтау туралы мәліметтерді ұсыну тәртібін бекіту;

16) мемлекеттік органдардың электрондық ақпараттық ресурстары мен  
ақпараттық жүйелерін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық желілерін  
пайдалану және олардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

17) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын бағалау әдістемесін  
әзірлеу және бекіту;

18) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа  
енгізіледі) Заңымен;

19) бюджет қаражаты есебінен жасалатын және (немесе) сатып алынатын мемлекеттік ақпараттық жүйелердің, аппараттық-бағдарламалық кешеннің техникалық құжаттама (техникалық тапсырма, техникалық-экономикалық негізде, техникалық ерекшелік) талаптарына сәйкестігіне бақылауды жүзеге а с ы р у ;

20) орталық мемлекеттік органдар және облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдіктерінің интернет-ресурстарының жұмыс істеуін, сондай-ақ халықта қызмет көрсету орталықтарының жұмыс істеуін және мемлекеттік қызметтер көрсетудің автоматтандырылуын бақылауды жүзеге а с ы р у ;

21) мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланатын мемлекеттік ақпараттық және мемлекеттік емес жүйелерді олардың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және стандарттарға сәйкестігіне аттестаттау;

22) мемлекеттік ақпараттық жүйелерді пайдалануға (өнеркәсіптік пайдалануға) қабылдау жөніндегі іс-шараларға қатысу;

23) ақпараттық жүйелерді құруға, дамытуға және сүйемелдеуге арналатын шығындар нормативтерін әзірлеу және бекіту;

24) алып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Занымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

25) бюджет қаражаты есебінен жасалатын және (немесе) сатып алынатын ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің, оның ішінде оларға енгізілетін өзгерістердің техникалық-экономикалық негізdemесіне, техникалық ерекшелігіне және техникалық тапсырмасына сараптама жүргізу;

26) Интернет желісінің қазақстандық сегментінің домендік кеңістігін тіркеуді айқындау, оны тіркеу, пайдалану және тарату тәртібін әзірлеу және бекіту;

27) ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді «электрондық үкімет» инфрақұрылымына интеграциялау үшін оларды пайдалануда бірыңғай технологиялық стандарттардың талаптарын орындау және компьютерлік инциденттерге ден қою жөніндегі қызметті үйлестіру;

28) алынып тасталды - ҚР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) З а ң ы м е н .

29) алып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Занымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

30) ақпаратты алу, көшірмесін түсіру, тарату, бүрмалау, жою немесе бұғаттау бойынша заңсыз іс-әрекеттерді болғызбауды қоса алғанда, ақпараттық технологияларды қауіпсіз пайдалану мәселелері бойынша ақпараттық жүйелердің, ақпараттық-коммуникациялық желілер мен электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иелеріне, иемденушілері мен пайдаланушыларына жәрдем көрсету ;

30-1) бақылау-кассалық машинадардың мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютерлік жүйенің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны беру қағидаларын өзірлеу;

30-1) алып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

30-2) алып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

30-3) алып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

30-4) бақылау-кассалық машинадардың мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютерлік жүйенің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру қағидаларын өзірлеу және бекіту;

31) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.21 N 468-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2013 N 89-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 7-бап. Орталық атқарушы органдардың ақпараттандыру саласындағы құзыреті

Орталық атқарушы органдардың ақпараттандыру саласындағы құзыретіне:

1) мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстармен өзара іс-қимыл жасайтын мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану тәртібін, сондай-ақ осы ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық қызметтер көрсету тәртібін уәкілетті органмен келісім бойынша айқындау;

2) ақпараттандыру және «электрондық үкімет» саласындағы инвестициялық жобаларды өзірлеу және уәкілетті органмен келісу;

3) орталық атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері мен жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жасау тәртібін жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп айқындау;

4) "электрондық үкіметті" қалыптастыру, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен мемлекеттік ақпараттық жүйелерді, мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық желілерін дамыту, олардың ақпараттық-коммуникациялық желілерін дамыту, олардың Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігіндегі үйлесімділігі мен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

5) жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен мемлекеттік ақпараттық жүйелерге қол жеткізуін ұйымдастыру;

6) мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен мемлекеттік ақпараттық жүйелердің есепке алынуы мен тіркелуін, сондай-ақ депозитке берілуін қамтамасыз ету ;

7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

**Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
Заңдарымен.

#### **8-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының ақпараттандыру саласындағы құзыреті**

1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының ақпараттандыру саласындағы құзыретіне:

1) жергілікті атқарушы органдардың электрондық ақпараттық ресурстарымен өзара іс-қимыл жасайтын ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану тәртібін, сондай-ақ осы ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық қызметтер көрсету тәртібін уәкілетті органмен келісім бойынша айқындау;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте іске асырылатын ақпараттандыру және «электрондық үкімет» саласындағы инвестициялық жобаларды өзірлеу және уәкілетті органмен келісу;

3) "электрондық әкімдікті" қалыптастыру және жергілікті атқарушы органдардың электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін,

ақпараттық-коммуникациялық жөндерін дамыту, олардың Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігіндегі үйлесімділігі мен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

4) жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен мемлекеттік ақпараттық жүйелерге қол жеткізуін, оның ішінде осы қол жеткізуді ұйымдастыру үшін адамдар тұрмайтын үй-жайлар бөлу арқылы ұйымдастыру;

5) мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелердің есепке алынуы мен тіркелуін, сондай-ақ депозитке берілуін қамтамасыз ету жатады.

2. Төмен тұрған әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте электрондық қызметтер көрсетуді ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

**Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **9-бап. Ақпараттандыру саласындағы оператордың құзыреті**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді -2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

Ақпараттандыру саласындағы оператор:

1) ақпараттандыру саласында бірыңғай техникалық саясатты іске асыру мақсатында мемлекеттік органдардың инвестициялық жобаларын жоспарлауға, қалыптастыруға және талдауға қатысады, сондай-ақ оларды дамытуға қатысуға құқылы;

2) мемлекеттік ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылын, олардың әлемдік ақпараттық жүйелерге интеграциялануын қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасының "электрондық үкіметі" инфракұрылымының жобалық интеграторы қызметін жүзеге асырады;

4) бағдарламалық-аппараттық құралдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді, ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен ұлттық ақпараттық жүйелер енгізуді және (немесе) және оларды сүйемелдеуді жүзеге асырады, сондай-ақ осы мақсаттар үшін персоналды оқытуға құқылы;

5) жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен мемлекеттік ақпараттық жүйелерге қол жеткізуіне техникалық жағдай жасалуын қамтамасыз етеді;

6) **алып тасталды - ҚР 2009.07.10. N 178-IV Заңымен;**

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің интернет-ресурсы мен Қазақстан Республикасы "электрондық үкіметінің" веб-порталын құру мен техникалық

жағынан сүйемелдеуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының мониторингін қамтамасыз етеді;

8) алып тасталды - ҚР 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен;

9) "электрондық үкіметті" қалыптастыру кезінде мемлекеттік органдарға консультациялық және практикалық көмек көрсетеді;

10) алып тасталды - ҚР 2009.07.10. N 178-IV Заңымен;

11) Қазақстан Республикасының "электрондық үкіметтін" қалыптастыру кезінде жобаларды басқару және техникалық жағынан сүйемелдеу функцияларын жүзеге асырады.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 178-IV Заңымен, 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **9-1-бап. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік монополия**

1. Мемлекеттік техникалық қызмет мемлекеттік монополияға жататын қызметтің мұнадаи түрлерін:

1) ақпараттық жүйелерді олардың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасының аумағында қабылданған стандарттарға сәйкестігіне атtestаттық зерттеуді;

2) мемлекеттік органдардың электрондық ақпараттық ресурстарын, ақпараттық жүйелерін, ақпараттық-коммуникациялық желілерін, сондай-ақ мемлекеттік ақпараттық жүйелермен ықпалдасатын мемлекеттік емес жүйелерді қорғауды қамтамасыз етудің мониторингін;

3) мемлекеттік ақпараттық жүйелердің бағдарламалық өнімдерін, бағдарламалық кодтарын сынақтан өткізуі және олардың нормативтік-техникалық құжаттамасына сараптама жүргізуі;

4) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға, енгізуге және дамытуға бағытталған инвестициялық жобалардың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізуі;

5) Интернет желісіне қол жеткізуіндің бірыңғай шлюзін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының электрондық почтасының бірыңғай шлюзін техникалық сүйемелдеуді;

6) электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық жүйелер мен ақпараттық жүйелер депозитарийінің, бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттаманың мемлекеттік тіркелімін жүргізуі;

7) ақпараттық-коммуникациялық желілер мониторингі жүйесін

ұйымдастыруышылық және техникалық сүйемелдеуді;

8) жоғарғы деңгейдегі қазақстандық домендік атауға қызмет көрсететін домендік атаулар серверлерінің үзіліссіз орнықты жұмыс істеу мониторингін;

9) өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын байланыс операторларының ақпараттық-коммуникациялық желілерін арестеу және нөмірлеу жоспарларын сүйемелдеуді жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органның келісімі бойынша уәкілетті орган белгілейді.

**Ескерту. 2-тарау 9-1-баппен толықтырылды - ҚР-ның 2009.07.10 N 178-IV Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **9-2-бап. Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасы операторының өкілеттіктері**

Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының операторы:

1) мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің ақпараттық-коммуникациялық желілерін интеграциялауды жүзеге асырады;

2) мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасын жобалауды, құруды және дамытуды басқарады;

3) мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына әкімшілік етуді және сервистік қолдауды, аппараттық-бағдарламалық құралдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді және мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық іс-шараларды жүзеге асырады;

4) ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, мемлекеттік органдарды және олардың аумақтық бөлімшелерін мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына және әлемдік ақпараттық ресурстарға қосуды жүзеге асырады;

5) ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына қосылған жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекеттік органдарға және олардың аумақтық бөлімшелеріне байланыс қызметтерін көрсетеді;

6) мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының байланыс арналарының қорғалуын ұйымдастыруды жүзеге асырады.

**Ескерту. 2-тарау 9-2-баппен толықтырылды - ҚР 2010.07.15 N 337-IV (**

қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - КР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он құн еткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **9-3-бап. «Электрондық үкіметтің» төлем шлюзі операторының өкілеттіктері**

«Электрондық үкіметтің» төлем шлюзінің операторы:

1) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

2) мемлекеттік органдармен төлемақы талап ететін электрондық қызметтер көрсетудің тізбесін кеңейту мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

3) екінші деңгейдегі банктар мен ұйымдардың клиенттеріне «электрондық үкіметтің» транзакциялық сервистерін ұсыну мәселелері бойынша екінші деңгейдегі банктармен, ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

4) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі шенберінде жүргізілетін операцияларға кепілдік берілуін қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

5) аударым операцияларын лицензиясыз жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі операторының Қазақстан Республикасының ақша төлемі мен аударымы туралы заңнамасын орындауды бақылауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 2-тарау 9-3-баппен толықтырылды - КР 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

## **3-тарау. ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР, ОЛАРДЫ ҚАЛЬПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ**

### **10-бап. Электрондық ақпараттық ресурстардың түрлері**

1. Электрондық ақпараттық ресурстар меншік құқығына қарай:

1) мемлекеттік;

2) мемлекеттік емес болып бөлінеді.

2. Электрондық ақпараттық ресурстар қолжетімділік санатына қарай:

1) жалпыға ортақ қолжетімді;

2) қолжетімділігі шектелген болып бөлінеді.

3. Бюджет қаражаты есебінен құрылатын, сатып алынатын және жинақталатын, сондай-ақ мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де тәсілдер арқылы алған электрондық ақпараттық ресурстар мемлекеттік болып табылады.

Мемлекеттің экономикасы мен қауіпсіздігі үшін стратегиялық маңызы бар мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар ұлттық болып табылады.

4. Жеке және занды тұлғалардың қаражаты есебінен құрылатын және сатып алынатын, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген өзге де тәсілдер арқылы алынған электрондық ақпараттық ресурстар мемлекеттік емес болып табылады.

5. Меншік иесі немесе иемденушісі пайдалану шарттарын көрсетпей беретін немесе тарататын электрондық ақпараттық ресурстар, сондай-ақ өзіне қол жеткізу еркін болып табылатын және оларды беру және тарату тәсілінің нысанына байланысты болмайтын мәліметтер жалпыға ортақ қолжетімді болып табылады.

6. Оларға қолжетімділікті Қазақстан Республикасының зандары немесе олардың меншік иесі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда иеленушісі шектейтін мәліметтерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстар қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстар болып табылады.

**Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

**11-бап. Мұлік құрамының элементі және меншік құқығының объектісі ретіндегі электрондық ақпараттық ресурстар**

1. Электрондық ақпараттық ресурстар мұлік құрамының элементі ретінде мемлекеттік және жеке меншікте болуы мүмкін.

2. Электрондық ақпараттық ресурстарға меншік құқығы мен өзге де құқықтардың туындау, өзгеру және тоқтатылу негіздері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен реттеледі.

3. Электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесі Қазақстан Республикасының зандарында көзделген барлық құқықтарды пайдаланады, оның ішінде:

1) электрондық ақпараттық ресурстарды шаруашылық жүргізуге немесе оралымды басқаруға беруге;

2) өз құзыреті шегінде электрондық ақпараттық ресурстарға өндеу, қорғау және қол жеткізу режимі мен ережелерін белгілеуге;

3) электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау, көшіру және тарату кезінде оларға билік ету шарттарын айқындауға құқылы.

4. Занды тұлғалардың меншігі болып табылатын электрондық ақпараттық ресурстар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес олардың мүлкінің құрамына енгізіледі.

5. Мемлекеттік органдардың құзыретіне сәйкес олардың қарауындағы мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мемлекеттік мұлік құрамында есепке алынуға және қорғалуға тиіс.

6. Субъектілер мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру үшін міндettі тәртіппен өздері ұсынған электрондық ақпараттық ресурстарға өз құқықтарын жоғалтпайды.

7. Мемлекеттік құпияларға жатқызылған мәліметтерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесі оларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасында айқындалатын тәртіппен билік етуге құқылы.

8. Электрондық ақпараттық ресурстар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларға жатқызылған жағдайда, мемлекет оларды жеке және заңды тұлғалардан сатып алуға міндettі. Меншік құқығы тоқтатылған кезде электрондық ақпараттық ресурстар олардың нарықтық бағасы негізге алына отырып бағаланады.

9. Ақпараттық жүйелерге және өзге де электрондық ақпараттық ресурстарды өндеу құралдарына меншік құқығы басқа меншік иелеріне тиесілі электрондық ақпараттық ресурстарға меншік құқығын туыннатпайды.

10. Ақпараттық жүйелер құрамына енгізілген электрондық ақпараттық ресурстарға құқықтар электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің меншік иелері арасындағы келісіммен айқындалады.

11. Қызмет көрсетулерді ұсыну тәртібімен немесе ақпараттық жүйелер мен өзге де өндеу құралдарын бірлесіп пайдалану кезінде өндепетін электрондық ақпараттық ресурстар электрондық ақпараттық ресурстардың иеленушісіне тиесілі болады. Бұл ретте жасалып, шығарылған өнімнің тиесілігі және оны пайдалану шартпен реттеледі.

## **12-бап. Электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және пайдалану**

1. Электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесі және (немесе) иесі оларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді ескере отырып, еркін пайдалануға және таратуға құқылы.

2. Ақпараттық жүйелер арасындағы ақпараттық алмасу нысанасы болып табылатын электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалану мен тарату осы электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің меншік иесі және (немесе) иеленушісі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қалыптастырылады. Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді қалыптастыру үшін сатып алынатын немесе жасалатын бағдарламалық өнімдердің қазақ тілінде интерфейсі болуға тиіс.

4. Ұлттық электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру мен пайдалануды мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

5. Қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру, сақтау және пайдалану, оларға қол жеткізу мен қорғау ережелерін олардың меншік иесі және (немесе) иеленушісі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындайды және қамтамасыз етеді.

6. Осы Заңның 14-бабында көзделген жағдайларда мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың электрондық ақпараттық ресурстарды беруі міндетті болып табылады.

7. Мемлекеттік органдардың мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру жөніндегі қызметі бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

**Ескерту.** 12-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 15.04.2013 N 89-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **13-бап. Дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстар**

**Ескерту.** 13-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - КР 21.05.2013 № 95-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстар құпиялы электрондық ақпараттық ресурстар санатына жатады, олардың жиналуды, өндөлуі жинау мақсаттарымен шектеледі.

2. Электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру үшін жеке тұлғалардан олардың жеке және отбасының құпиясын қамтитын жеке өмірі, оған қоса олардың шығу тегі, денсаулығы, көзқарастары, саяси және діни нағымдары туралы мәліметтер беруді қоса алғанда, жеке тұлғалардың хат алысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф және өзге де хабарларының құпияларын талап етуге немесе мұндай мәліметтерді олардың еркінен тыс өзгеше түрде алуға ешкімнің құқығы жоқ.

3. Дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстар үшін сол деректер өзіне тиесілі жеке тұлға оларды берген кезден бастап құпиялылықтың сақталуы міндетті.

4. Жеке тұлғалар туралы дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды мұліктік және (немесе) моральдық зиян келтіру, Қазақстан Республикасының заңдарында кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтарды іске асыруды шектеу мақсатында пайдалануға жол берілмейді.

**Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.05.2013 № 95-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **14-бап. Электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу**

1. Қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстары жалпыға ортақ қолжетімді болып табылады.

2. Қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстар мемлекеттік құпияларға жатқызылған және құпиялы электрондық ақпараттық ресурстар болып бөлінеді.

3. Электрондық ақпараттық ресурстарды мемлекеттік құпияларға жатқызу Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, электрондық ақпараттық ресурстарды құпиялыққа жатқызу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **5. Мыналарды:**

1) мемлекеттік құпиялардан тұратын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, нормативтік құқықтық актілерді;

2) төтенше жағдайлар, табиғи және техногендік апаттар, азаматтардың, елді мекендер мен өндірістік объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті ауа райы, санитарлық-эпидемиологиялық, өзге де жағдайлар туралы мәліметтерді ;

3) мемлекеттік органдардың қызметі туралы ресми мәліметтерді;

4) мемлекеттік органдардың, кітапханалардың, мұрағаттар мен өзге де ұйымдардың ашық ақпараттық жүйелерінде жинақталған мәліметтерді қамтитын мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізуді шектеуге болмайды .

**Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і !**

**5-тармақты 5) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР 31.10.2015 № 378-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

#### **4-тaraу. АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛДАРЫ**

##### **15-бап. Ақпараттық жүйелердің түрлері**

1. Ақпараттық жүйелер меншік құқығына қарай:

1) мемлекеттік;

2) мемлекеттік емес болып бөлінеді.

2. Ақпараттық жүйелер қолжетімділік санатына қарай:

- 1) жалпыға ортақ қолжетімді;
- 2) қолжетімділігі шектелген болып бөлінеді.

3. Бюджет қаражаты есебінен құрылатын және (немесе) сатып алынатын, сондай-ақ мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де тәсілдер арқылы алған ақпараттық жүйелер мемлекеттік болып табылады.

Мемлекеттің экономикасы мен қауіпсіздігі үшін стратегиялық маңызы бар мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардан тұратын ақпараттық жүйелер ұлттық болып табылады.

4. Жеке және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен құрылатын және (немесе) сатып алынатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де тәсілдер арқылы алынған ақпараттық жүйелер мемлекеттік емес болып табылады.

5. Олардың меншік иесі немесе иеленушісі оларды пайдалану шарттарын көрсетпей беретін немесе тарататын электрондық ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ өзіне қол жеткізу еркін болып табылатын және оларды беру және тарату тәсілінің нысанына байланысты болмайтын электрондық ақпараттық ресурстарды қамтитын ақпараттық жүйелер жалпыға ортақ қолжетімді болып табылады.

6. Оларға қолжетімділікті Қазақстан Республикасының заңдары немесе олардың меншік иесі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда иеленушісі шектейтін электрондық ақпараттық ресурстарды қамтитын ақпараттық жүйелер қолжетімділігі шектелген ақпараттық жүйелер болып табылады.

#### **16-бап. Меншік құқығының объектісіндеңігі ақпараттық жүйелер**

1. Ақпараттық жүйенің меншік иесінің ақпараттық жүйеге тұтас мүлік кешені ретінде иелену, пайдалану және билік ету құқығы болады.

2. Техникалық құралдардың, электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің меншік иелері әртүрлі тұлғалар болған жағдайда, ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібі осы тұлғалар арасында келісіммен айқындалады.

3. Егер электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесі өзгеше белгілемесе, ақпараттық жүйенің меншік иесі электрондық ақпараттық ресурстардың орнын ауыстыруға және таратуға тыйым салуға немесе оған шек қоюға құқылы.

#### **17-бап. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердің құру, қол жеткізу және пайдалану**

1. Мемлекеттік ақпараттық жүйелер мемлекеттік органдар мен ұйымдарда электрондық қызметтер көрсету, ақпарат алмасуды қамтамасыз ету, қызметті үйлестіру және басқару процестерін оңтайландыру мақсатында құрылады.

2. Мемлекеттік ақпараттық жүйелер осы Заң мен Қазақстан Республикасының езге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес құрылады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құру және оларды іске асыру тәртібі жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуді Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы жұмыстарды үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік ақпараттық жүйені пайдалануға беру оның ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасының аумағында қабылданған стандарттарға сәйкестігіне аттестаттаудың нәтижелері бойынша және сынақ зертханасында мемлекеттік ақпараттық жүйелердің бағдарламалық өнімдеріне, бағдарламалық кодтарына сынақтардың және олардың нормативтік-техникалық құжаттамасына сараптаманың оң нәтижесі болған кезде жүзеге асырылады .

4. Мемлекеттік ақпараттық жүйеге қол жеткізу мемлекеттік ақпараттық жүйенің иеленушісі әзірлейтін ережелермен айқындалады.

5. Мемлекеттік ақпараттық жүйелер қазақ және орыс тілдерінде жасалады және сақталады. Осы жүйелердегі қазақ тіліндегі ақпараттың көлемі орыс тіліндегі ақпараттың көлемінен кем болмауға тиіс.

**Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 178-IV, 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.**

### **18-бап. Мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді құру, қол жеткізу және пайдалану**

1. Мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді ақпараттық қажеттілікті қанағаттандыру, ақпараттық жұмыстарды орындау және электрондық қызметтер көрсету мақсатында жеке және заңды тұлғалар құрады.

2. Мемлекеттік емес ақпараттық жүйеге қол жеткізу және оны пайдалану тәртібін оның меншік иесі немесе иеленушісі айқындейды.

### **19-бап. Ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылды**

1. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің меншік иелері және (немесе) иеленушілері Қазақстан Республикасында деректер берудің стандарттық хаттамаларын пайдалану негізінде әр түрлі ақпараттық жүйелер арасында ақпарат алмасуды және деректер беруді үйымдастыру үшін желіаралық қосу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

2. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жедел-іздестіру қызметі Қазақстан Республикасының жедел-іздестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланатын мемлекеттік емес ақпараттық жүйелер оның ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасының аумағында қабылданған стандарттарға сәйкестігіне аттестаттауға жатады.

**Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2009.07.10. N 178-IV Заңымен.**

**20-бап. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі электрондық ақпараттық ресурстарды өндіеу, сақтау және резервтік көшіру құралдарына қойылатын міндетті талаптар**

1. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердің жұмыс істеу сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау, өндіеу және беру үшін пайдаланылатын техникалық құралдар техникалық реттеу саласындағы талаптарға сәйкес келуге тиіс.

2. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды сақтауды мемлекеттік ақпараттық жүйелерді иеленушілер қамтамасыз етеді, олар мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардың сақталуына, жоғалуына, бұрмалануына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады, ал қажет болған жағдайда оларды қалпына келтіруді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік ақпараттық жүйедегі мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмесін дайындау мемлекеттік ақпараттық жүйелерді иеленушілер үшін міндетті болып табылады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қамтитын резервтік көшірмені дайындау және оны сақтау тәсілі келесі резервтік көшірмені дайындаған кезге дейін электрондық ақпараттық ресурстардың сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

**21-бап. Ақпараттық-коммуникациялық желілерді пайдалану**

1. Қазақстан Республикасының аумағында ақпараттық-коммуникациялық желілерді пайдалану Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасы мен ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптары сақтала отырып жүзеге асырылады.

2. Ақпараттық-коммуникациялық желілерді пайдалана отырып халықаралық ақпарат алмасу Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттардың талаптары сақтала отырып жүзеге асырылады.

3. Сот ақпараттық-коммуникациялық желілер бойынша таратылатын ақпаратты осы Заңның және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінің талаптарына қайшы келеді деп таныған жағдайда, уәкілетті

мемлекеттік органдар, байланыс операторлары, интернет-ресурстардың меншік иелері бұқаралық ақпарат құралы өнімінің Қазақстан Республикасының аумағында таратылуын не бұқаралық ақпарат құралының шығарылуын тоқтата тұруға не тоқтатуға міндетті.

4. Интернет-ресурс бұқаралық ақпарат құралы болып табылған жағдайда, бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды не бұқаралық ақпарат құралын шығаруды тоқтата тұру туралы сот шешімі үш айдан аспайтын мерзімге сол атаумен немесе қайталанатын атаумен домендік атауды пайдалануға тыйым

салуға                        әкеп                                                   сөғады .

Интернет-ресурс бұқаралық ақпарат құралы болып табылған жағдайда, бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды не бұқаралық ақпарат құралын шығаруды тоқтату туралы сот шешімі домендік атаудың тіркелуінің күшін жоюға және тіркелуінің сот шешімімен бұрын күші жойылған сол атаумен немесе қайталанатын атаумен домендік атауды бір жыл бойы пайдалануға тыйым

салуға                        әкеп                                                           сөғады .

**Ескертү. 21-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2009.07.10. N 178-IV Заңымен.**

## **5-тарау. ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРДЫ, АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ, ТІРКЕУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ АУДИТІ**

### **22-бап. Электрондық ақпараттық ресурстарды және ақпараттық жүйелер туралы мәліметтерді құжаттандыру**

Электрондық ақпараттық ресурстарды және ақпараттық жүйелер туралы мәліметтерді құжаттандыруды Қазақстан Республикасының ақпараттандыру, электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасында белгіленген іс қағаздарын жүргізу талаптарына сәйкес меншік иесі және (немесе) иеленушісі жүзеге асырады.

### **23-бап. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімінде электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу**

1. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімінде электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу:

- 1) электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы мәліметтерді жүйелеу;
- 2) Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларын электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміндегі мәліметтер туралы хабардар ету;
- 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын ақпараттық қамтамасыз ету;
- 4) электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді өзірлеушілерге электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді интеграциялауды ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер арасында деректер алмасу үшін ақпараттар ұсыну мақсатында жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен мемлекеттік ақпараттық жүйелер осы Заңда белгіленген тәртіппен электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімінде міндettі есепке

алынуда жатады.

Бұл талапты сақтамау мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстармен және ақпараттық жүйелермен жасалған мәмілелердің жарамсыз болуына әкеп соқтырады.

3. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімінде мемлекеттік емес электрондық ақпараттық ресурстар мен мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді есепке алу осы Заңда белгіленген тәртіппен ерікті негізде жүзеге асырылады.

4. Қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстар электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімінде олардың меншік иесі немесе иеленушісі белгілеген тәртіппен оларды сактау және пайдалану шарттары сақтала отырып тіркелуге жатады.

5. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің меншік иесі немесе иеленушісі уәкілетті органға ол бекіткен нысандар бойынша жіберетін электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу туралы өтінімінде негізінде жүзеге асырылады.

7. Тіркеуден өту кезінде электрондық ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелердің меншік иесі немесе иеленушісі уәкілетті органға электрондық ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелердің меншік

иесі немесе иеленушісі қол қойған және куәландырған, тіркеу өтінімінің түпнұсқасы мен қағаз және электрондық жеткізгіштегі тиісті қөшірмелерді ұсынады.

8. Уәкілетті орган тіркеу өтінімдерін алған кезден бастап он бес жұмыс күні ішінде олардың толықтығы мен дұрыс толтырылуын тексереді.

9. Тіркеу өтінімдері тиісінше ресімделген жағдайда уәкілетті орган электрондық ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелердің тіркелуін бес жұмыс күні ішінде жүргізеді және тіркеу нөмірін меншіктеп береді.

10. Уәкілетті орган тіркелген кезден бастап электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміне мәліметтерді енгізу үшін тіркеу өтінімдерінің қошірмелерін мемлекеттік техникалық қызметке үш жұмыс күні ішінде жібереді.

11. Мемлекеттік техникалық қызмет электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміне электрондық ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелер туралы тиісті мәліметтерді бес жұмыс күні ішінде енгізеді.

12. Уәкілетті орган электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімінде электрондық ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелер тіркелген кезден бастап он бес жұмыс күні ішінде тіркеу туралы куәлікті береді.

13. Тіркеу өтінімдері тиісінше ресімделмеген жағдайда уәкілетті орган оларды алған кезден бастап он бес жұмыс күні ішінде осы тіркеу өтінімдерін қайтару себептерін көрсете отырып, электрондық ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелердің меншік иесіне немесе иеленушісіне қайтарады.

14. Электрондық ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелердің меншік иесі немесе иеленушісі қайтарылған тіркеу өтінімдерін алған кезден бастап ескертпелерді түзейді және оларды уәкілетті органға тіркеу үшін қайтадан енгізеді.

15. Электрондық ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелердің меншік иесінің немесе иеленушісінің тіркеу өтінішін қайта қарау осы Занда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

16. Уәкілетті орган электрондық ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелердің меншік иесінен немесе иеленушісінен электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу кезінде тіркеу деректерінің құрамын немесе мазмұнын нақтылау үшін қажетті электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы қосымша ақпарат сұратады.

17. Тіркеу үшін қажетті электрондық ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелер туралы қосымша ақпаратты беру туралы сауалды алған кезде, электрондық ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелердің меншік иесі немесе иеленушісі тиісті сауалды алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде жан-жақты жауапты ұсынады.

**Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2009.07.10. N 178-IV Заңымен.**

**24-бап. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін жүргізу**

1. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін жүргізуді уәкілетті орган қамтамасыз етеді және мемлекеттік техникалық қызмет жүзеге асырады.

2. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін жүргізу электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміне ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы мәліметтерді, кейіннен осы мәліметтерді жаңарта отырып енгізууді қамтиды.

3. Тіркелген электрондық ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелердің меншік иесі немесе иеленушісі жыл сайын 30 наурыздан кешіктірмей, уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің жаңартылғаны туралы не жаңартудың жоқтығы туралы, не пайдаланудың тоқтатылу себебін дәлелді түрде жаза отырып пайдалану тоқтатылғаны туралы уәкілетті органға хабарлама береді.

4. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміне электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы жаңартылған мәліметтерді енгізу электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу үшін белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

5. Жаңартылған өтінім немесе электрондық ақпараттық ресурсты немесе ақпараттық жүйені пайдаланудың тоқтатылуы туралы хабарлама белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, уәкілетті орган оның меншік иесі немесе иеленушісіне мәліметтерді жаңарту қажеттігі туралы тиісті реңсі сауал жібереді.

6. Уәкілетті орган электрондық ақпараттық ресурсты немесе ақпараттық жүйені пайдаланудың тоқтатылуы туралы хабарламаны алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде осы электрондық ақпараттық ресурсты немесе ақпараттық жүйені тіркеу туралы куәлікті кері қайтарып алушы жүзеге асырады және мемлекеттік техникалық қызмет электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміне тиісті өзгерістер енгізууді он күн мерзімде қамтамасыз етеді.

7. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміндегі мәліметтер, қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстары жоқ бөлігінде, жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады және Интернет желісінде орналастырылуға тиіс.

**Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2009.07.10. N 178-IV Заңымен.**

**25-бап. Депозитке беру және депозитарийді жүргізу**

1. Депозитарийдегі ақпараттық жүйелердің бағдарламалық өнімдерінің, бағдарламалық кодтарының және нормативтік-техникалық құжаттаманың даналарын сақтау оларды есепке алудың бірыңғай жүйесін құру, меншік иесі немесе иеленушісі сатып алған бағдарламалық өнімді жоғалтқан жағдайда оны ауыстыруды қамтамасыз ету, пайдаланушыларды бағдарламалық өнімдер мен оларды әзірлеушілер туралы хабардар ету, сондай-ақ мемлекеттік органдарды ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады .

2. Бағдарламалық өнімдерді, бағдарламалық кодтарды және нормативтік-техникалық құжаттаманы жинау, жүйелеу, жинақтау мен сақтау және Қазақстан Республикасының бағдарламалық өнімдерінің тізілімін жүргізу депозитарийдің негізгі міндеттері болып табылады.

3. Қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бағдарламалық өнімдер, бағдарламалық кодтар және нормативтік-техникалық құжаттама депозитарийде міндетті түрде мемлекеттік есепке алынуға, тіркелуге және сақталуға тиіс.

4. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімінде тіркелген бағдарламалық өнімдер міндетті түрде депозитке берілуге тиіс.

5. Депозитарийдің қалыптастырылуы мен жүргізілуін, сондай-ақ бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың және нормативтік-техникалық құжаттаманың сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз етуді мемлекеттік техникалық қызмет жүзеге асырады. Мемлекеттік техникалық қызметтің депозитарийде сақталатын бағдарламалық өнімдерді, бағдарламалық кодтарды және нормативтік-техникалық құжаттаманы өзгертуге және (немесе) үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

6. Мемлекеттік техникалық қызмет бағдарламалық өнімнің меншік иесінің өтінімі бойынша депозитарийді жүргізген кезде бағдарламалық өнімнің көшірмелерін:

1) депозитке берілген дананың электрондық жеткізушісінің жарамдылық мерзімі өтіп кеткен жағдайда бағдарламалық өнімді мұрағаттау немесе оның сақталуын қамтамасыз ету;

2) бағдарламалық өнім жоғалған, жойылған немесе пайдалануға жарамсыз болған жағдайда бағдарламалық өнімнің түпнұсқасын ауыстыру үшін дайындауы мүмкін.

7. Уәкілетті орган депозитарийдің жүргізілуін тексеруді жылына кемінде бір рет жүзеге асырады.

8. Ақпараттық жүйе, бағдарламалық өнім, бағдарламалық код және нормативтік-техникалық құжаттама депозитке берілуге тиіс.

9. Ақпараттық жүйе:

1) авторлық құқықтармен қорғалғандарынан басқа, ақпараттық жүйенің бастапқы бағдарламалық кодтары;

2) ақпараттық жүйелердің инсталляциялық пакеті;

3) қажет болған жағдайда меншік иесі немесе иеленушісі айқындастын қосымша бағдарламалық қамтамасыз ету;

4) ақпараттық жүйенің аңдатпалық немесе жарнамалық сипаттамасы;

5) нормативтік-техникалық құжаттама - ақпараттық жүйенің ерекшелігі, сипаттамасы, сынақ бағдарламасы мен әдістемесі, пайдалану құжаттамасы;

6) меншік иесінің немесе иеленушісінің қалауы бойынша басқа да бағдарламалық құралдар мен құжаттар құрамында депозитке берілуге тиіс.

10. Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құруға арналған ақпараттандыру саласындағы тұжырымдамалар, бағдарламалар, нормативтік-техникалық құжаттама уәкілетті органның салалық бағалауымен бірге депозитарийге беріледі

**Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 178-IV, 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Зандарымен.**

## **26-бап. Ақпараттандыру саласындағы сәйкестікті растау**

1. Ақпараттандыру саласындағы сәйкестікті растау Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Сәйкестігі міндетті растауға жататын ақпараттандыру саласындағы өнім ақпараттандыру саласындағы техникалық регламенттермен айқындалады.

3. Шет мемлекет берген сәйкестікті растау саласындағы құжат мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде халықаралық шарттарға сәйкес деп танылған жағдайда, оның Қазақстан Республикасының аумағында жарамды деп есептеледі.

## **27-бап. Ақпараттық жүйелердің аудиті**

1. Ақпараттық жүйелерді құру, енгізу және пайдалану кезеңінде осы жүйелердің меншік иелерінің және (немесе) иеленушілерінің бастамасы бойынша ақпараттық жүйелердің аудиті жүргізілуі мүмкін.

2. Құпиялы мәліметтерді беру шарттары аудит жүргізуге арналған шартта айқындалады.

3. Ақпараттық жүйелердің аудитін жүргізу жөніндегі шығыстарды ақпараттық жүйенің меншік иесі және (немесе) иемденушісі мен өзірлеушісі арасындағы келісілген шешім бойынша айқындалған тарап көтереді.

4. Аудитті жүргізуді ақпараттық технологиялар саласында арнайы білімі мен жұмыс тәжірибесі бар адамдар уәкілетті орган айқындастын тәртіппен жүзеге асырады.

Ескерту. 27-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

## **6-тарау. "ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ" АЯСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АҚПАРATTЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӨЗАРА IC-ҚИМЫЛЫНЫң ТӘРТІБІ**

### **28-бап. "Электрондық үкіметті" қалыптастыру шарттары**

Қазақстан Республикасында "электрондық үкіметті" қалыптастыру:

1) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы жұмыстарды үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының ұсынымдары негізінде "электрондық үкіметті" іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдармен келісілген шешімдер қабылдау;

2) мемлекеттік органдарда ақпараттандыру жөніндегі бөлімшелер құру. Мемлекеттік органдар осындаі бөлімшелер болмаған жағдайда ақпараттандыру саласындағы операторға тиісті инфрақұрылымды құру және дамыту кезінде ақпараттандыру саласында ақпараттандыру саласындағы оператордың шарттық негізде қызметтер көрсетуі туралы ұсыныстарымен жүгінуге құқылы;

3) үәкілетті орган жаңынан мемлекеттік органдардың ақпараттық қызмет жетекшілерінің кеңесін құру;

4) ақпараттандыру саласындағы оператордың "электрондық үкіметтің" базалық құрамдас бөліктерін техникалық сүйемелдеуі сияқты шарттар орындалған жағдайда жүзеге асырылады.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **29-бап. Электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер**

1. Электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер олардың көрсетілу түрлері бойынша – ақпараттық, интерактивтік және транзакциялық болып, автоматтандыру дәрежесі бойынша толық автоматтандырылған және ішінәра автоматтандырылған болып бөлінеді. Қызмет көрсету процесінде қағаздағы құжат айналымын болғызбайтын, электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылған мемлекеттік көрсетілетін қызмет

былып табылады. Қызмет көрсетеү процесінде қағаздағы және электрондық құжат айналымының реттілігін қамтитын, электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет ішінәра автоматтандырылған мемлекеттік көрсетілетін

қ ы з м е т

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

2. Жеке және (немесе) заңды тұлғалардың электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға өтініші пайдаланушылардың сауал салуы негізінде жүзеге асырылады.

3. Электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 29-бап жаңа редакцияда - КР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **30-бап. "Электрондық үкімет" ақпараттық жүйелерінің түрлері**

1. "Электрондық үкіметтің" ақпараттық жүйелері олардың мақсаты мен тәртібіне қарай ведомстволық және ведомствоаралық болып бөлінеді.

2. "Электрондық үкіметтің" электрондық ақпараттық ресурстарын толықтыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік ақпараттық жүйелер ведомстволық ақпараттық жүйелер болып табылады.

3. "Электрондық үкіметтің" ведомствоаралық ақпараттық жүйелері өзара іс-қимыл жасайтын ведомстволық ақпараттық жүйелер болып табылады.

### **31-бап. "Электрондық үкіметтің" базалық құрамдас бөліктері**

"Электрондық үкімет" инфракұрылымының жұмыс істеуі базалық құрамдас бөліктерді құруға негізделеді және оларға:

1) электрондық қызметтер көрсетеү арқылы ведомстволық ақпараттық жүйелермен интеграцияланған "электрондық үкіметтің" веб-порталы және шлюзі ;

«2) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі;

3) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының бірыңғай көлік ортасы ;

4) сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері;

5) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесі;

6) ашық кілттердің инфракұрылымы;

7) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі жатады.

**Ескерту. 31-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

**32-бап. "Электрондық үкіметті" қалыптастыру кезіндегі  
базалық құрамдас бөліктер мен ақпараттық  
жүйелердің өзара іс-қимылы**

1. "Электрондық үкіметтің" ведомствоаралық және ведомстволық ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылдарын тәртібі уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік органдар қабылдайтын нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

2. "Электрондық үкіметті" қалыптастыру үшін мемлекеттік органдар мен ұйымдар беретін электрондық ақпараттық ресурстардың тізбесі уәкілетті органмен келісіледі.

3. Мемлекеттік органдар ведомстволық ақпараттық жүйелердің электрондық ақпараттық ресурстарының жұмыс істеуі мен қорғалуын қамтамасыз етеді.

4. Мемлекеттік органдар "электрондық үкіметтің" электрондық қызметтер көрсетуі ретінде берілетін ведомстволық электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруды және олардың өзектілігін (жаңаруын) қамтамасыз етеді.

5. Мемлекеттік органдардың бірынғай көлік ортасына өздерінің ведомстволық желілерін қосуға міндетті жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындауды.

**Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараныз), 2012.04.27 N 15-V (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Зандарымен.**

**33-бап. "Электрондық үкіметтің" мемлекеттік электрондық  
ақпараттық ресурстарына қол жеткізу**

"Электрондық үкіметтің" мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарына қол жеткізу осы Занда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**7-тарау. ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ  
АҚПАРТТАҚ  
РЕСУРСТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БЕРУ  
ТӘРТІБІ**

**34-бап. Ақпаратты алу және тарату құқығы**

1. Жалпыға бірдей қолжетімді электрондық ақпараттық ресурстары бар ақпараттық жүйелердің меншік иелері немесе иеленушілері осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған тәртіппен және шарттарда ж еке және (немесе) занды тұлғалардың сауалы бойынша оларды қызықтыратын ақпаратты ұсынуға міндетті.

2. Жалпыға бірдей қолжетімді электрондық ақпараттық ресурстардағы ақпаратты беруден негізсіз бас тартуға сотқа шағым жасалуы мүмкін.

### **35-бап. Саулалық негізінде электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізуіндегі қамтамасызың ету**

1. Электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу мынадай тәсілдердің бірімен:

1) электрондық постаны пайдалана отырып немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында саулалық жолымен;

2) пайдаланушының жалпыға бірдей қолжетімді ақпараттық ресурстарға тікелей өтінімі арқылы ақпараттық жүйенің меншік иесіне немесе иеленушісіне саулалық жіберу жолымен жүзеге асырылады.

2. Электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберілген саулалық, қағаз жүзінде жіберілген және саулалық жіберген тұлғаның түпнұсқа қолы қойылған саулалық тәсілдерді. Мұндай саулалар ақпараттық жүйенің меншік иесі немесе иеленушісі белгілеген іс қағаздарын жүргізу ережелеріне сәйкес тіркеуге жатады.

### **36-бап. Саулалық қойылатын талаптар**

1. Электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізуге рұқсат алуға арналған саулалық мынадай мәліметтер:

1) ақпаратты сұратқан тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты;

2) занды тұлға атынан саулалық жүгінген кезде - занды тұлғаның толық атауы, саулалық жүгінген тұлғаның лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты;

3) саулалық жүгінген адамның байланыс деректері (почталық мекенжайы немесе электрондық пошта мекенжайы, не телефонның немесе телефоннан табылады), олар арқылы ақпараттық жүйенің меншік иесі немесе оны иеленушісі электрондық ақпараттық ресурстарды беруі немесе ақпараттық сұратқан тұлғамен байланысуы мүмкін;

4) сұратылған электрондық ақпараттық ресурстың мазмұны, құжаттың атауы мен мазмұны немесе оған белгілі құжаттың деректемелері;

5) саулалық орындау үшін қажетті өзге де мәліметтер;

6) саулалық орындаудың тілекке сай тәсілі көрсетіледі.

2. Егер тұлға электрондық ақпараттық ресурстарды өзі туралы не занды тұлғаның атынан сол занды тұлға туралы электрондық ақпараттық ресурстарды беру туралы сұратса, онда ол саулалық өзінің жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелерін және (немесе) оған қатысты саулалық жіберілген занды тұлғада атқаратын лауазымын көрсетуге міндетті.

### **37-бап. Саулалық орындау мерзімдері**

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, сауал түскен күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей орындалады.

2. Осы Заңда белгіленген қарау мерзімдері сауал тіркелгеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі.

3. Егер ақпараттық жүйенің меншік иесіне немесе иеленушісіне сауалдың мәнін нақтылау қажет болса немесе егер сұратылған электрондық ақпараттық ресурстарды ұсыну үшін қосымша уақыт талап етілетін болса, онда ол сауалды орындау мерзімін он бес жұмыс күніне дейін ұзарта алады. Бұл ретте ол дәлелдерін көрсете отырып, мерзімінің ұзартылатыны туралы сұрау салған адамды бес жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

### **38-бап. Сауалды орындалды деп тану**

Электрондық ақпараттық ресурстарды беру туралы сауал, егер:

1) электрондық ақпараттық ресурс осы Заңда көзделген тәсілмен сұратуши тұлғаға берілсе;

2) сауал қажеттігіне қарай берілсе және бұл туралы электрондық ақпараттық ресурсты сұратуши тұлғаға хабарланса;

3) сауал жіберілген тұлғаға ашық көздерде жарияланған ақпаратпен танысу мүмкіндігі түсіндірілсе, орындалды деп есептеледі.

### **39-бап. Ашық көздерде жарияланған ақпарат туралы хабарлама**

Егер сұратылған электрондық ақпараттық ресурстар ашық көздерде жарияланса, онда ақпараттық жүйенің меншік иесі немесе иеленушісі сұратылған электрондық ақпараттық ресурсты бермей, сұратылған электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу тәсілдері мен орны туралы мәліметтерді оған бір мезгілде жібере отырып, сауал жіберген тұлғаны бұл туралы бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге құқылы.

### **40-бап. Сауалды орындаудан бас тарту**

1. Егер:

1) сұратылған электрондық ақпараттық ресурсқа қатысты қол жетімділікке шектеулер болғанда және сауал жіберген тұлғаның сұратылған электрондық ақпараттық ресурсқа қол жеткізу құқығы болмаса;

2) сұратылған электрондық ақпараттық ресурс болмаса және кімнің иелігінде еkenі оған белгісіз болса;

3) сауалдың мәнін нақтылау кезінде сұрау салушы тұлғаның нақты қандай электрондық ақпараттық ресурсты беру туралы өтінім жасағанын анықтау мүмкін болмағанда;

4) электрондық ақпараттық ресурсты сұратуши тұлға сауалды орындау шығыстарын төлемесе, егер шығыстарды төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта көзделсе ;

5) сауал осы Заңның 36-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, ақпараттық жүйенің меншік иесі немесе иеленушісі сауалды орындаудан бас тартады.

2. Ақпараттық жүйенің меншік иесі немесе иеленушісі сұрау салған тұлғаны осы баптың 1-тармағында көзделген негіздер бойынша сауалды орындаудан бас тартатыны туралы бес жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

## **8-тaraу. ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР МЕН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ҚОРҒАУ**

### **41-бап. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қорғаудың мақсаттары**

1. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қорғау:

1) электрондық-ақпараттық ресурстардың тұтастығын және сақталуын қамтамасыз ету, оларды рұқсатсыз өзгертуге немесе жоюға жол бермеу;

2) қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстардың құпиялышығын сақтау;

3) электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығын іске асыру;

4) электрондық ақпараттық ресурстарды өндөу және оларды беру құралдарына рұқсатсыз ықпал етуге жол бермеу мақсатында құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық (бағдарламалық-техникалық) шараларды қабылдауды білдіреді.

2. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қорғау:

1) электрондық ақпараттық ресурстарды құрсаулау, яғни ақпараттық жүйеге және ол ұсынатын электрондық ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті шектеуге немесе жабуға әкелетін іс-қимылдар жасау;

2) электрондық ақпараттық ресурстарды түрлендіру, яғни бағдарламаға, деректер қорына, материалдық жеткізушідегі мәтіндік ақпаратқа өзгерістер енгізу;

3) электрондық ақпараттық ресурсты көшіру, яғни ақпаратты басқа материалдық жеткізушіге ауыстыру;

4) құқық иесінің рұқсатынсыз бағдарламалық өнімдерді пайдалану;

5) ақпараттық жүйелердің және (немесе) бағдарламалық өнімдердің жұмысын бұзу, не ақпараттық-коммуникациялық желінің жұмыс істеуін бұзу жөнінде рұқсатсыз іс-қимылдарды болғызбауға бағытталған.

### **42-бап. Электрондық ақпараттық ресурстарды қорғауды ұйымдастыру**

1. Электрондық ақпараттық ресурстарды қорғауды:

1) жалпыға бірдей қолжетімді электрондық ақпараттық ресурстарға қатысты - электрондық ақпараттық ресурстарды тарататын тұлға;

2) қолжетімділігі заңмен шектелген электрондық ақпараттық ресурстарға қатысты - осындай электрондық ақпараттық ресурстары бар меншік иесі, иеленуші немесе ақпараттандыру саласының операторы;

3) қолжетімділігін олардың меншік иесі немесе иеленушісі шектелген электрондық ақпараттық ресурстарға қатысты - электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесі немесе иеленушісі үйымдастырады.

## 2. Осы баптың 1-тармағында аталған тұлғалар:

1) электрондық ақпараттық ресурстарға рұқсатсыз қол жеткізууді болғызбауды ;

2) егер мұндай рұқсатсыз қол жеткізууді болғызбау мүмкін болмаса, электрондық ақпараттық ресурстарға рұқсатсыз қол жеткізу фактілерін уақтылы анықтауды;

3) ақпаратқа қол жеткізу тәртібін бұзудың қолайсыз салдарын барынша азайтууды;

4) электрондық ақпараттық ресурстарды өндөу мен беру құралдарына ықпалды болғызбауды;

5) рұқсатсыз қол жеткізу салдарынан өзгертілген не жойылған электрондық ақпараттық ресурстарды жедел қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз ететін шараларды қабылдауға міндетті.

**Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **43-бап. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қорғау шаралары**

1. Электрондық ақпараттық ресурстарды қорғаудың құқықтық шараларына электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесінің немесе иеленушісінің ақпаратты пайдаланушылармен жасасқан шарттары жатады, оларда белгілі бір электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу шарттары және электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу мен оларды пайдалану талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік белгіленеді.

2. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қорғаудың үйымдастыру шараларына ақпаратқа (ақпаратты материалдық жеткізушілерге) қол жеткізу жүзеге асырылуы мүмкін аумаққа (үй-жайға) кірудің ерекше режимін қамтамасыз ету, сондай-ақ ақпаратқа қол жеткізууді тұлғалар тобы мен ақпараттың сипаты бойынша шектеу жатады.

3. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қорғаудың техникалық (бағдарламалық-техникалық) шараларына ақпараттық жүйелерді табиғи қорғау, ақпаратты қорғау құралдарын, оның ішінде криптографиялық

құралдарды пайдалану, сондай-ақ ақпаратқа қол жеткізуді бақылау және қол жеткізу фактілерін тіркеу жүйелерін табиғи қорғау жөніндегі шаралар жатады.

4. Электрондық ақпараттық ресурстарды қорғаудың техникалық (бағдарламалық-техникалық) шараларын пайдалану азаматтардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтірмеуге немесе қауіп төндірмеуге тиіс.

#### **44-бап. Дербес сипаттағы электрондық ақпараттық ресурстарды қорғау**

1. Дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды алған ақпараттық ресурстардың меншік иелері немесе иеленушілері оларды жария етуден қорғау жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті. Мұндай міндет дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды алған кезден бастап және олардың жойылуына не мәнінің жойылуына дейін немесе осы деректер қатысты болатын тұлғадан оларды жариялауға келісім алғанға дейін туындаиды.

2. Дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды одан әрі беруге оларға қатысты тұлғаның келісімімен ғана немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де негіздер бойынша рұқсат етіледі.

### **9-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **45-бап. Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп согады.

#### **46-бап. Осы Занды қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Заң, 2007 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін 28-бабының 2) тармақшасын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. "Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 10, 52-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., 3, 22-құжат) күші жойылды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*